

Ана туралы сөз

Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі тіл жетпес бір жатқан теңіз емес пе?.. Ананың жолы басқа. “Ана” деген сөздің өзі ыстық. Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуға мүмкін емес!

адам еді. Кезінде коммунист болған. Апам бізді қалай мөпелесе, біз де, яғни, немерелері, апамды ұялтпауға, жерге қаратпауға тырыстық», – деп ағынан жарылды.

Иә, Сәтен апа Темірбаевтар отбасының жапырағын кең



Мен білетін қазақ әйелі – қазақпын дейтін қара көз, қара баланың анасы, сенің жүрегің нәзік, сенің махаббатың балаға тіл жеткісіз биік, – деп қазақ жазушысы Баубек Бұлқышев «Ана» деген әңгімесінде өзінің анаға деген нәзік сезімін паш етеді.

Осындай бір қазақ әйелі, Алдан деген қара көз, қара баланың анасы болашақ ұрпақтары үшін бар өмірін арнаған, ақжаулықты, үлкен жүректі, Жараспай ауылының тумасы Ағыбаева Сәтен деген ана туралы қалам тербеуді жөн көрдім.

1909 жылы дүниеге келіп, еңбекке ерте араласып, беделіне бедел қосып, көпшілік құрметіне бөленген. Көп жылдар бойы сауыншы болып істеп, өмірде көрген ауыртпалығы көп болса да, мойымады, еңбектен қол үзбеді. Жалғыз ұлы Алданды жетілдіру жолында көп еңбек сіңірді, биіктен көрінді. Сол еңбегінің арқасында Кеңес уақытында “Ленин” орденімен марапатталып (1948), Мәскеу (1954), Алматы (1956) қалаларында ВДНХ көрмелеріне қатысқан.

Елге сыйлы, туған-туыстарына ақылшы, жүрегі мейірімді, жарқын жүзді Сәтен апаның бар тілегі – Алданнан туған ұрпағының бақыты еді. Өзінің жігерлігі мен қайраттылығының арқасында немерелерін аялап, өсіріп жеткізуде де көп еңбек сіңірді. Ең үлкен немересі Гүлмира: «Біздің қалыптасқан мінезімізге, қасиеттерімізге апамның қосқан үлесі көп. Өзі өте еңбекқор адам болғандықтан, апам бізді де еңбекке баулыды. Біз мал да жайғадық, су да тасыдық, биені айдап әкеліп, сауатынбыз, күбіні пісетінбіз. Диірмен тартатынбыз, ал апам жент жасап, көрші кемпірлерді жинап, қойдың жүнін әр түске бояп, киіз жасайтын. Оған біз де көмектесетінбіз. Апам өте адал, өділдікті жақсы көретін

жайған бәйтерегі еді.

Немерелерін тәрбиелеу жолында да еңбегі жанып, бүгінде олар мектепті үздік бітіріп, білім алып, жоғары дәрежедегі әр салада еңбек жасап жатыр.

Ұлдардың үлкені Аманжол мектепті алтын медальмен, медициналық институтты үздік бітіріп, «Фтизиатрия» облыстық клиникалық ауруханасында бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеп жатыр.

Қыздың үлкені Гүлмира техникумды қызыл дипломмен бітіріп, «Сарыарқа өлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының бухгалтерлік есеп жүргізу департаментінің бас менеджері.

Бүгінде немерелерінің өз отбастары бар, балалышағалы. Дүниеге Сәтен апаның дарынды шөберелері келіп жатыр. Америкада, Мәскеуде, Томскіде, Астанада алды бітіріп, арты білім алып жатыр. Бәрі - тәрбиелі, жігерлі.

Сәтен апаларын немерелері ешқашан ұмытпай, естеріне алып, құран бағыштайды. Биыл апаларының қайтқанына 30 жыл болыпты. Үлкен мешітте елге ас берілді.

Қазақ «Қариясы бардың қазынасы бар» деп текке айтпаса керек. Темірбаевтар отбасының жақсы болмағы, өмір атты үлкен керуенкештің жетекшісі болған Сәтен апайдың абырой-беделі және жеке басының парасат-пайымына байланысты, – деп ойлаймын.

Өзі туған Жараспай ауылының бір көшесі «Ағыбаева Сәтеннің көшесі» деп аталған.

Міне, біз білетін ұлағатты әже, “Ана” деген сөзге лайық қарапайым қазақ әйелі Сәтен апамыз осындай болған.

Ғайнижамал Айдарханова